



Milli Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD) / Cilt 4 - Sayı 2

Sorumlu Yazar: Aynur KOSHEKOVA/ Kazak Kızlar Milli Pedagoji Üniversitesi, Kazak Dili Edebiyatı, Prof. koshekova51@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-9730-9164

Yazar: Nedim BAKIRCI / Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi, Fen Edebiyat Fakültesi, Türk Dili ve Edebiyatı, Prof. nedimbakirci@hotmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8672-9481

Atif: KOSHEKOVA, A. ve BAKIRCI, N.(2020). Батырлар жырындағы ат бейнесінің ерекшеліктері , Milli Kültür Araştırmaları Dergisi, Cilt4, Sayı2, 94-97.

Gönderim Tarihi: 14 Aralık 2020 / Kabul Tarihi: 17 Aralık 2020

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

ТҮЙИНДЕМЕ

Әпостың өзге жанрларымен салыстырып қараганда қаһармандық әпостан аттың ең бір кемелденген, аса үлкен көркемдік дәрежеге жеткен бейнесін көреміз. Бұлай болатын себебі - архаикалық әпоста қиял-ғажайып элементтердің, мифтік мотивтердің тым басым болуы, әлі де жетіліспеген балаң сана толық көлемді ат бейнесін жасауга кедергі болса, лиро-әпостың басты тақырыбы жаугершілік, батырлық емес, ғашықтық хикаялары болуы ондағы жан-жақты бейнеленген ат образының қалыптасуына кедергі болған. Ал, тарихи жырлардың, әдетте, көлемінің әпосқа қараганда кішірек болуы ондағы тұлпар образының ауماқты, әр қылы тұрғыдан бейнеленуіне мүмкіндік бермеген. Сондықтан да казақ эпосындағы барынша жан-жақты, терең, әр қылы сипатта бейнеленген ат образы негізінен қаһармандық әпоста қалыптасқан деуге болады. Бұған тұлпардың, әдетте, батырлықпен ерлікпен, дүшпанмен шайқастармен қатар бейнеленетіні де әсер еткен. Осы орайда мақалада әпостағы ат бейнесінің басты сипаттары туралы сез болады.

Кілт сөздер: Эпос, архаика, миф, мотив, лиро-эпос, хикая, образ

FEATURES OF THE IMAGE OF A HORSE IN THE SONG OF HEROES

ABSTRACT

Compared to other genres of the epic, we see in the heroic epic one of the most mature and highly artistic images of the horse. This is due to the fact that in the archaic epic the predominance of fantastic elements, mythical motifs, the immature child's consciousness prevents him from creating a full-fledged image of a horse, the main theme of the lyric epic which prevented the formation of Historical songs, on the other hand, are usually smaller in size than the epic, which does not allow the image of the tulpar to be depicted in a wide range of ways. Therefore, it can be said that the image of the horse in the Kazakh epic, which is depicted in the most comprehensive, deep and varied nature, is formed mainly in the heroic epic. This was due to the fact that the tulpar is usually depicted with heroism, bravery, battles with the enemy. In this regard, the article discusses the main features of the image of the horse in the epic.

Keywords: Epic, Archaic, Myth, Motif, Lyric-Epic, Story, Image.

Ахмет Байтұрсынов: «... бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан батырлар тұрасындағы әңгіме - халық жаны, рухы

турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған» деп жазады (Байтұрсынов, 1989 : 23.). Шынында да батыры кеткен ел рухы кеткен, бүкіл ерік-жігерінен, құшқуатынан айырылған елге ұқсайды. Бұны елдің батырлары да біледі, «мен кетсем, ел қорғансыз болып қалады» деп жапа шегеді:

Өзім-ақ ізден кетер ем,
Асынып жаудың құралын,
Қалған елде қамқор жоқ,
Оған не амал қыламын?!

Елді иесіз тастасам,
Қаптап келіп қалмақтар
Білемін елді қырарын, -деп күйінеді Қарғабойлы батыр
(Б.ж., 6 т. 90. 79 б.)

(«Қарғабойлы, Қазтуған» эпосы).

Бұл жэйт қалмақтарға да қатысты, олар да батырынан айырылса болды бүкіл қауқарынан айырылып, жалғыз батырга шамасы келмей, мың-мындал, баудай қырылады:

Қаптаған қалың қалмақты
Бұта құрлы көрмедин.
Он екі күн соғысты,
Мыңдай келген қалмақтан
Тек жүз кісі ғана көрінеді
Мұны көріп алған соң,
Аруағы асады
Қалғандары қалмақтың
Еліне қарай қашады. (Б.ж., 6 т. 90. 230 б.)

(«Әмет батыр» эпосы)

Бұның бәрі шаманиң ана дүниеге барып, құбыжықтармен шайқасуын еске түсіреді — шаман мен құбыжық бір-біріне қарсы тұрған құдіретті тұлғалар, ал төңіректегі халық, екі жақтың әскерлері кейінгі дәуірде пайда болған кейіпкерлер екені анық. Батырлар, әдетте, жауга жалғыз аттанады, жалғыз шайқасады, тек кейінгі дәуірлердегі тарихи жырлардың, оқиғалардың әсері тиғен эпостарда ғана батырлардың жаумен топтасып соғысу мысалдары кездеседі:

Сол бес батыр қосылып
Қалмақтың жойды қаласын.
Шулатып қатын-баласын. (Б.ж., 6 т. 90. 209 б.)

(«Айсаның ұлы Ахмет» эпосы)

Сонымен, жоғарыда келтірілген мысалдарды қорытындылай келе қазақ эпосындағы батырдың тұлғасы туралы төмендегілерді айтуга болады:

- 1) батыр образында ескілікті архаикалық сарындар көптеп сақталып қалған, оларды атап ететін болсақ:
 - а) батыр ата-анадан жалғыз туылады;
 - ә) рудың магиялық құш-қуаты батырда болады — батыр елден кетсе ел барлық қауқарынан айырылады;
 - б) ертедегі тайпалық түсініктер бойынша билеушілер елдің ырысын сақтайтын болса, эпоста тиісінше батырлар елді асырайды, мал-мұлік береді;
 - в) батырларды қолдайтын пірлері (сикырлы қемекшілері) болады, егер жынынан айырылған шаман бүкіл магиялық құдіретінен айырылып қарапайым адамға айналса, пірінен айырылған батыр бүкіл ерекше біткен құш-қуатынан айырылып батыр болудан қалады. «Жалпы қай жырда болса да пірлерін тәрк еткен батыр көп ұзамай мерт болады. Пірлерден медет сұрамаған батыр женіске де жете алмайды» деген тұжырым айтады бұл туралы Ш. Ібыраев [2, 204 б.].

- 2) Соңғы кезеңдегі көшпелілердің феодалдық, патриархалдық қоғамдық қатынастарға негізделген мемлекеттері құрылған дәуірлер де батыр бейнесіне зор әсерін тигізді, атап айтсақ:
 - а) батыр белгілі бір дәуірдің ұғым-түсініктерін, моральдық ұстанымдарын, құндылықтарын бойына жинақтайды;
 - ә) ол нақты рухани-материалдық құндылықтарды (ел-жүрт, жер, отбасы мүшелері, досжаран, агайын-бауыр, мал т.б.) қорғау үшін қызмет етеді;

б) батыр ел ішіндегі және сыртындағы түрлі қақтығыстарға, оқиғаларға билік үшін құреске белсенді қатысады;

в) жаумен жеке-дара ғана емес, топтасып та соғысады.

Жалпы қазақ батырының ең кемелденген түрі — тек білек күшімен ел қорғаған тұлға ғана емес, терең ақыл-парасатты, елдің бүгіні мен ертеңін тең ойлайтын, бүкіл елге басшылық жасап, қамқорлық жасап, ел-жүртты жаугершілікке ұрындырмай бейбіт сақтай білетін, жарлысын байга, азын көпке теңгеріп жүретін әділ билеуші-батыр:

Ерегіссе ел алған,
Дүшпаның басып кек алған.
Атаң таққа мінген соң,
Ноғай мен халқың демалған.
Аға да жоқ, іні жоқ,
Ерліктен басқа міні жоқ,
Астана жұртты менгерген,
Азын көпке теңгерген,
Артық тұған хан еді,
Асылы артық жан еді, (Б.ж., 6 т. 90. 232 б.)

(«Шынтаңұлы Төрекхан» эпосы)

Әрі әділ хан, әрі қаһарлы батыр болған Шынтаңхан осылай суреттеледі. Эпос дәстүрінде халық ешқашан ханды батырдан артық қоймайды, керісінше, көбіне хан батырға тәуелді болады. Ер Тарғын Ханзада ханға өкпелеп елден кетпек болған кездері хан да, халық та батырдан кешірім сұрап, жалынады. Демек, біздің оймызыша, қазақ эпосындағы батыр бейнесі тек елді қорғау, оған қамқорлық жасау идеясын бейнелемейді, сонымен қатар елдікті, халық болып бірігу, қоғамдық әділдік, парасатты билік идеяларын да қамтиды.

Соган орай, қаһармандық эпостагы ат бейнесін барынша қенірек тұрғыдан қарастыра отырып, оның басты сипаттамаларын ашуға тырысамыз. Бұл үшін тұлпардың төмендегідей бірнеше сипаттамаларын жеке-жеке қарастырмакпсыз:

- а) ат таңдау, тұлпарды табу, оны құлышынан баптап бағып, жетілдіру
Кез келген жылқы малы батырға тұлпар бола алмайды, тек ерекше қасиеттері бар ат қана тұлпар бола алады. «Ақжонасұлы ер Кеңес» (Б.ж., 6 т. 90. 135-159 бб.) эпосында Кеңес атты баласы Ақтанай деген тұлпарын мініп кеткенде, Ақжонас хан:
- Айналайын, жан балам,
 - Ақжонас жаяу қалды деп,
 - Қалмақтар қалар қуанып,
- дейді.

Әрине, қырық таңбалы Қырымның он екі жарым ханының бірі болған Ақжонас ханның мындаған жылқысы бар екені анық. Бірақ, Ақжонас хан сол қаптаған жылқыдан бір тұлпар таба алмасын біледі, себебі көрінген ат тұлпар бола алмайды. Ең сонында Ақжонас хан соғысар сәтте жауы Бағлан таздың торы атын мініп шығады майданға.

Жалпы батырға ат таңдау эпостагы ең қыын құрделі кезеңнің бірі. Мұрын жыраудың нұсқасында Құртқа Қобланды мінетін Тобылғы менді торы атты туатын кер биені атасы Қыдырбайдан Хансұлудың көмегімен әрең алады.

Өмірінің көп бөлігін ат үстінде, жаугершілікте өткізетін көшпенді үшін жылқы малының қадірі ерекше, батырдың өзіне лайық сәйгүлік табуы өте қыын шаруалардың бірі. «Қарасай - Қази» (Д.Х. А. 127-141 бб.) эпосында Қарасай батыр жауға аттанар кезінде өзіне тұлпар іздейді. Бұдан әрті оқиғаны эпос былай баяндайды: «Сол заманда қартайып, от басындағы құмалақты қосеумен қуалап отырган, ноғайлының Қекше деген батыры бар екен. Қарасай Қекшеден Қек бұйра атты саудалайды. Қекше: «Атымды бір қызға беремін», - дейді. «Жаудан әкеліп төрт қыз берейін», - дейді Қарасай. «Жаудан тұскен қыздың керегі жоқ. Алсаң, Орақтан қалған қарындастың Қибатты беріп ал», - дейді Қекше. Атты ала алмай қайтып келіп, Қарасай шешесімен ақылдасады». Сонда шешесі:

Жауға таман бармасан,
Сыртымызыдағы дүшпаның
Бізге де кепті табасы-ай.
Қибат түгіл мені сат
Ат көңіліңе жараса-ай,

- деп кенес береді.

Түркілік дүниетанымда «ана» қастерлі ұғым екені белгілі, бірақ, баласына ат тауып беру үшін Қарасайдың шешесі қызы Қибатты беруге ғана емес, тіпті өзін де сатып жіберуден де тайынбайды. Сонымен Қарасай батыр қарындасы Қибатты беріп:

Мінер атым осы деп,
Тәңірінің берген досы деп,
Көк бұйра атқа ер салды.

Өзін сыртынан сатып жібергенін естіген қарындасы Қибат Қарасай батырга:

Кешегі әкем кеткен соң
Кемішілік басқа жеткен соң
Жалғыз тайға саттың ба?

- деп ұрысады. Бірақ, Қарасайдың аттан түсіп, жауға жаяу кетіп бара жатқанын көргенде шыдай алмай:

Сен томсарып кетпе, құліп кет,
Қалаған атың мініп кет, (Д.Х. А. 133-134 бб.)

- деп, болған іске көнеді. Бұл үзіндіден жаугершілік заманда аттың қаншалықты құнды болғанын байқауга болады.

Архаикалық эпоспен тығыз генетикалық байланыста өрбитін қаһармандық эпостағы ат бейнесін талдау үшін алдымен эпостың басты кейіпкері болған батырдың бейнесін жан-жақты қарастыру қажет, онсыз ат образының қыр-сырын жан-жақты ашу, анықтау мүмкін емес деп пайымдаймыз.

Сонымен, қазақтың қаһармандық эпосындағы батыр бейнесінің кейбір ерекшеліктерін қарастырып өттік. Батыр бейнесін қарастыруымыздың себебі, әдетте, ат бейнесі батыр образымен тығыз бірліктे болады. Эпостағы ат образын батыр бейнесінен бөлекtekеп алу мүмкін емес. Тек осы екеуінің органикалық бірлігі арқылы ат бейнесін жан-жақты талдал-зерделеуге болады деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989. - 320.
2. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. -Алматы: Фылым, 1993. - 296 б.
- 3.Батырлар жыры бт. 89. — Батырлар жыры. 4- том. –Алматы: Жазушы, 1989. -400 бет.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы: Ана тілі, 1991. 176 бет.